

Қазақ шежірелерінің тарихи сипаты негізіндегі деректік ерекшеліктер

Алдабергенова Н.Г.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Алпысбес М.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстанның қазіргі заман тарихының өзекті мәселелерінің бірі - шежіре. Қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың шығу тегі, олардың тарихи орны ерекше рөл атқарады. «Еліміз бүгінгідей тәуелсіздік алған тұста үш жүздің шежіресін тереңнен тартып, түп қотара қозғайтын байыпты, ғылыми еңбек керек-ақ... Әлбетте, қазақ шежіресі – аса ауқымды ұғым. Ол үнемі ғалымдарымыз тарапынан зерттеле отырып бір ізге түсуге, оқыған білікті зиялыларымыз тарапынан зерделене отырып толықтандырылуы тиіс» – деп М. Қозыбаев шежірелердің өзектілігі мен бүгінгі күнгі тарихы мен жағдайын көрсетеді. Сөзін жалғастыра келе автор: «Шежіренің қоғамдағы орны ерекше. Мұнда тарихымыздың ата тарихы екенін байқаймыз. Оның үзбей даму жолында қозғалыстағы тоқтаусыз процесс екендігін әр буынның өзіне саламыз. “Қазақ, Ахмет Байтұрсынов айтқандай қуғыншы халық”. Ол өмір бойы өзін іздейді, ата-бабасын іздейді», - дейді.

Шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата-бабасының ерлігін, өрлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екендігін көрсетеді. “Бөлінгенді бөрі жейді, жүз деп бөлініп жүргендердің “жүзі күйсін”, “жүзі қара атансын”, – Ғабит Мүсіреповтың айтқаны тарих сабағы екенін білдіреді. Ахмет Байтұрсынов ұлт намысын екі адамның, екі ауылдың, екі рудың намысы емес екендігін ХХ ғасыр басында айтқан-ды. Шежіре шежіре болуы керек, ол әр қазақтың шығу тегі арқылы бүкіл қауымды халықты таныстыру арқылы табыстыруы керек”, – деп шежіре міндетін де көрсетеді. Демек, халқымыз тарихының ерекше бір саласы – қазақ шежіресі қазақ халқының тарихының әрқашанда өзекті бір саласы болып қалатыны сөзсіз. Олай деуіміздің бір себебі – қазіргі кезде шежіре жазуға деген ұмтылыс пен құлшыныс арта түсуде.

Шежірелік дерек ретінде тарихи-генеалогиялық нақты мәліметті қабылдаймыз. Зерттеу жүргізуде дерек қоры мол болғанымен, оны қолданудың өзіндік ерекшеліктері болады. Түрік және парсы мәліметтерін зерттеген ғалым М.Әбусейітова Қазақстан туралы тарихи деректерді сыртқы және ішкі деректер деп үлкен екі топқа бөліп қарастырады. «Қазақстан тарихын көрсетуде осы аймақты мекен еткен халықтың төлтума деректері құнды болып келеді», – дейді, – «бұлардың Қазақстан мәдениетінің тарихын жаңғыртуда мәні зор, себебі олар Қазақстан тұрғындары сөйлеген түрік тілінде жазылған. Сыртқы жазба деректерге қарағанда оқиғаны барынша әділ, нақтылы көрсететін ішкі жазбалар», – деп көрсетеді [1, 26]. Далалық тарихи ауызша әңгімеден хатталған шежірелік еңбектер қатарында қажы Өтемістің әйгілі «Шыңғыснамасы», Қ. Жалайыр жазған «Шежірелер жинағы», Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі», «Түрікмен шежіресі» белгілі. Осындай ортағасырлық шежірелік туындылардың көптеген көшірмелері мен жеке нұсқалары болған. Бұл еңбектер басқа тарихи шығармалардың жазылуына негіз болған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи шығармасының ізімен жазылған еңбектің бірі Шах Махмуд бен Мирза Фазыл Чорастың шежірелік еңбегі [2]. Осы дәстүр кейін де жалғасты. Қалың бұқара ортасында халық тарихына байланысты білімді ұрпақтан-ұрпаққа жалғаушы сақтаушылары болған. Зерттеулер көрсеткендей, шежіре дәстүрі – ауызша мәдениеттің негізі.

«Біздің түрік қауымының шежіресі бұрыннан жазылып келмеген. Соңғы заманда өзімізден болсын, Еуропа ғалымынан болсын жазушылар табылып, ғылым ретіне келерлік кітаптар шыға бастады. Өзіміздің түрік тұқымынан жазушылар Ш. Един, Рза Един, Нәжибек, Қасымбек, Шәкерім, Қысан Ғад, Ахметзаки, т.б. Бұлардың ұлтына жасаған ақ жүректік қызметтеріне тәңірі жарылқасын айтуға борыштымыз. Еуропа ғалымдарынан шыққан атақты Вамбери түрік тарихына керекті нәрселерді жазып қалдырған. Неміс ғалымдарынан Радлов

түрік тарихына керекті көп нәрселерді жазды. Орыс, француз ғалымдары жазды. Осы күнгі Россиядағы түрік қауымдарының мектептерінде көбінесе қолданылып жүрген түрік шежіресін Ахметзаки мырза жазған», – дейді М.Тұрғанбай [3, 1-2 б.].

Бірақ шежірелер әртүрлі тарихи уақытта жазба үлгілерінде де болған. XIX ғ. 2-інші жартысы және XX ғ. басында қария сөз үлгілерін жинап, шежірелік тарих жазып еңбек еткен Шоқан, Мәшһүр Жүсіп, Құрбанғали қажы, Шәкәрім қажы, Нұржан Наушабай [4], Мұхамеджан Тынышпаев, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Маннан Тұрғанбай сынды ғалымдар қазақтың тарихи мұрасының сақталуын ойлап, шежірелердің жазба нұсқаларын хаттаған, баспа бетіне жариялаған [5, 5-6 б.]. Шежіреде ұлт тарихы, өткені, тәлімі, ой-сана мен дәстүр, мәдениет деректері сақталғанын білгендер бұл мәселеден кеткен емес. Қазақ шежірелерін дерек ретінде зерттеу нысанына алғанда олардың деректік қоры, сақталу орны мен түрлері, шежірелік мәліметтің авторлары (жасаушылары, көшірушілері) және шежірелердің сыртқы пішіні мен ішкі мәні, генеалогиялық мазмұн ерекшеліктері, ауызекі айтылатын шежірелік дәстүрдің жанрлық үлгілері, жасалған тарихи әдебиеттік стильдері тұрғысынан рет-ретімен бастау керек.

Зерттеуге алынып отырған мәліметтер әртүрлі бұлақтардан алынған, сақталу жағынан жазбаша және ауызша үлгідегі деректер. Жазба шежірелік деректер сыртқы пішіні жағынан қолжазба көшірмелері және (көптаралымды) басылым түрінде кездесе, ауызша шежірелік деректер айтылу барысында қағазға хатталған немесе дыбыс таспаға жазылған түрінде тіркелгендерден құралады [6, 5 б.]. Сақталуы жағынан жазба үлгідегі шежірелерді де өз алдына бірнеше топқа бөлуге болады, мысалы: тек қолжазба күйінде сақталғандар; қолжазба көшірмелері; жария етілгендер; жария етілген шежірелердің ауызша айтылуынан қайтадан жазба түрде тіркелгендер және т.б.

Шежірелердің қолжазба нұсқалары Қазақстан Республикасы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының және Ғылыми кітапхананың қолжазбалық мұрағат қорында сақтаулы. Зерттеу материалы ретінде баспадан шыққан қазақ тарихы мен этнографиясына байланысты еңбектердегі шежірелер Қазақ Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде сақталған қазақ шежірелерінен: «Шежіре Шариф» (№127/1); «Нұржан Наушабайдың шежіресі» (№127/1); «Арғын шежіресі» (№127/1) [7]; «Аталық шежіре» (№191/2); «Қазақ шежіресі» (№191/3) «Қожа Ахмет Йассауи шежіресі бойынша» (№342/3); айтуға болады. Сонымен, М.О. Әуезов атындағы институты текстология және қолжазба бөлімінде шежіре қолжазбаларының 21 данасы сақталған. Қазақ шежірелерінің қолжазба нұсқаларының 32 данасы Қазақ Ғылым Академиясы кітапханасының негізгі қорында сақтаулы. Ұлттық кітапхана қоры мен баспа беттерінен шыққан шежірелердің 100-ден астам шежірелер нұсқасын қарастыруға болады.

Бұл шежірелердің саны көп болғанымен, барлығының да сапасы жақсы деуге келмейді. Әрбір шежіре нұсқасы өз алдына қайталанбас дерек үлгісі боғанымен, олардың мазмұны мен мән-мағынасы тарихи шындық критерийлері тұрғысынан әрқилы болып келеді. Сондықтан оларды деректік сыннан өткізу өзектілігі де арта түседі.

«Тек қазақ қолжазба қорлары мен кітапханаларда ғана шежіреге қатысты сан алуан материалдар қордаланған» – деп көрсетеді [8, 167 б.]. Қазақтың шежіре мұраларының едәуір бөлігі ел ортасында көнекөз қариялардың қолжазбаларын сақтаушы адамдардың қолында. Оларды біршамасы кейінгі жылдарда жарыққа шығарылды. Әдетте жазбаша және ауызша үлгідегі шежірелік мәліметтер екі түрлі: қара сөзбен баяндалған күйде, болмаса өлеңдермен (жыр үзінділері, дастандар, айтыстар) айтылып жасалады. Шежірелік мәліметтердің мазмұны мен жанрлық формалары да әрқилы түрде аралас келеді. Қазақ шежірелерінің мазмұнындағы түрік-моңғол дәуіріне қатысты мәліметтер Рашид-ад-диннің, Бабырдың, М.-Қ. Дулатидің, Қ.Қ. Жалайырдың [9], Мұхаммед Шайбанидің, Әбілғазы Баһадүр ханның [10] жазып кеткен көпке таныс деректерінен құралған мәлімет мол болғандықтан, олардың еңбегін шежірелік протограф ретінде қызмет атқарған деп қабылдау керек. Нақ осы жағдайға орай шежірелер пәнаралық зерттеулердің де ғылыми нысаны болып отыр.

Қазақ шежірелері ұлттың төл дерегі болғанымен, оның мәліметтерін жеткізетін ішкі және сыртқы деректемелер бар. Шежірелерді қазақ авторлары жазып, баяндаған, дала алқабында қалыптасқан түрік, қазақ жұртының тарихи жады мазмұнындағы мәліметтер мен хабарлардың біршамасы ежелгі және ортағасырлық грек, рум, қытай, армян, араб, парсы, моңғол, орыс жылнамашы, елші, саяхатшы, жаулаушылары қалдырған сырткөздік тарихнама мен деректемеден де құралған. Сол үшін зерттеудің негізгі дерегі ретінде тарихи-тарихнамалық шежірелік материалдар алынады. Объективті және субъективті жағдайларға орай кез келген деректің түрі өз мазмұнында айқын, «жасырын» мағыналарды сақтайды. Тарихнамалық деректер ретінде баспадан шыққан және қолжазба күйінде сақталған шежірелер мен сол шежірелердегі тарихнамалық фактілерді қарастырамыз. Сөйтіп зерттеу материалдары ретінде алынып отырған шежіре мәліметтері арқылы ауызекі тарихи дәстүрдің шығу тегі және қалыптасуы қарастырылады.

Қазақ шежіресіне байланысты көптеген деректерді кезінде Ә. Марғұлан жария етіп үлгерді [11, 5 б.]. Жазба түрде және ауызша айтылып келген аңыздардан басқа қазақтардың тарихын зерттеу ісінде пайдасын тигізетін дерек ретінде құлпытас бетінде сақталған жазулар белгілі (эпиграфикалық жәдігерлер) – дейді ғалым. Зерттеушілер анықтаған ескерткіштердегі жазулар орхон таңбасымен (Қаратауда, Ақтоғай ауданындағы Бесшатыр тауында), көне найман жазуымен (Жұбан-ана, Нұра бойындағы Ботағай), араб әріпімен (Бабаша қатын, Айша бибі, Болғанана, Көк кесене, Талас бойындағы Ұлықбек (1262 ж.), Жент қаласындағы Сунақ-ата (1273 ж.) жазылған [12].

Халық арасында ауыздан ауызға тараған халық ауыз әдебиетінің бір саласы – шежіре ғылыми тұрғыда талданған. Шежірелік деректерге фольклорлық мұраның бір саласы ретінде назар аударып, жинастырып, зерттеу қажет. Х.Досмұхамедұлының «Аламан» еңбегінің қазақ халық әдебиеті туралы бөлімінде шежіреге қатысты мынадай сөздер бар: «Рулар мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің шежіре (родословная) аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7-10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің, басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады» [13, 26 б.]. Қ.Халидтің «Тауарих хамса» еңбегінде: «Қазақ халқы кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан ауызға айтылып келген естіген сөздерін ұмытпай келе жатқандарына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек», — дейді.

Қазақ тарихын барлап-бағамдауда Қадырғали Жалайырдың Шыңғыс хан, Үгетай хан, Жошы хан, Шағатай хан, Төле хан, Күйік хан, Мөңке хан, Ұрыс хан, Тоқтамыс хан, Қажы Керей, Едіге би, Ораз-Мұхаммед хан және тағы да басқа хандар туралы маңызды шежіре деректері берілген, XIII-XVI ғасырлардағы қазақ тарихына қатысты «Жами ат-тауарих» («Шежірелер жинағы»), Әбілғазының Шыңғыс хан, Шыңғыс ханның дүниеге келген тарихы, Шыңғыстан тараған әулеттердің қандай елдерді билегендері турасында құнды деректер берілген «Түрік шежіресі» сияқты еңбектердің маңызы зор. Сонымен қатар қазақ шежіресіне қатысты Ш.Уәлихановтың жазбаларында кездесетін деректерді, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің, С.Мұқановтың еңбектерін айрықша атауымыз қажет.

Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында «Өрнек» баспасында шыққан «Тауарих хамса» («Бес тарих») еңбегі [14] – араб, парсы, түркі және қытай жазбаларындағы деректерге сүйене отырып, ғылыми тұрғыда қазақ, татар, моңғол, қытай сияқты Шығыстың бес елінің тарихы туралы шағатай тілінде жазылған еңбек. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы, хандары туралы, қазақ атауының шығу тарихына қатысты көптеген деректер берген.

Қазақ шежіресіне кеңінен тоқталған, қазақтың арғы тегін, ру-тайпаларын тармақтап, жүйелеп берген құнды еңбек – Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар

шежіресі» кітабы [15]. Еңбекте қазақтың қайдан шыққаны туралы ой қозғап, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің ру-тайпалары туралы, оның ішінде Орта жүздің Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Тарақты сияқты руларына қатысты деректер береді. Сонымен қатар хандар шежіресі, Шыңғысхан шежіресі туралы, осман түріктері мен сұлтандары туралы, сарт, өзбек, ноғай, башқұрт, түркімен сияқты түркі жұртына қатысты шежіре деректері мен қазақтың ру-тайпаларын тармақтап берген сызба-кесте ұсынған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» [16] еңбегі ел аузынан жинаған аңыз-әңгімелер, шежіре деректері арқылы қазақтың шежіресін, өткен өмір жолын жан-жақты сипаттауға арналған. Өткеннен сыр шертетін шежіре еңбек халық арасынан жинаған руға байланысты, сол рудың батыры, балуаны, ақыны, өнерлісі, ел ағасы туралы аңыз-әңгімелерге толы.

С.Мұқановтың «Халық мұрасы» атты тарихтық-этнографиялық шолу еңбегінің бірінші бөлімі шежіреге арналған. Жалпы шежіреге қатысты, қожалар шежіресі туралы, қазақ шежіресіне қатысты, қазақ тарихы туралы деректер, мәліметтер, зерттеуші-ғалымдардың ой-пікірлері берілген. Және де автордың шежіре және тарих жайындағы ой толғаулары ортаға салынған. Жалпы осы еңбекті жазу барысында ғалым қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланған. Еліміздің егемендік алып, тәуелсіз ел болуының арқасында ел тарихына қатысты еңбектерде шындықты бұрмаламай жеткізуге мүмкіндік туды. Десек те, әркім өз шежіресін түгендеп, өз руларын, ата-бабаларын мадақтап, шежіре жазу дәстүрі тым көбейіп кеткенін де айта кету қажет.

Қорытындылай келе, шежіре халқымыздың тарихында өз маңызын сақтап, өзекті бір сала болып қалары сөзсіз. Шежіре тарқату кейбіреулер айтып жүргендей рушылдықты, жікшілдікті қоздыратын құрал емес. Шежіре керісінше, халқымызды бауырмалдыққа, туыскандыққа, ағайын жекжат арасындағы силастыққа баулитын асыл тәсілдеріміздің бірі. Кез келген екі бейтаныс қазақтың бір-бірінен жөн сұраса қалса, әйтеуір бір ағайындығы немесе туыстығы бар болып шыға келетіндігі де бұрыннан жалғасқан қасиетті дәстүрімізге, “қарға тамыр ел боп кеткен” ардақты салтымызға саяды. Ендеше ешкімді де сыртқа теппейтін бауырмал халқымыздың өз тарихы мен тегін түгендеуге деген ұмтылысына өлшеусіз қол қабыс беретін шежіре тарқату үрдісімізді халқымыздың ортақ игілігіне қайта айналдыруға үлес қосу қастерлі іс деп білеміз.

Мақала барысында халқымыздың тарихында шежірелердің маңызына, деректік ерекшеліктеріне тоқталып өттім. Қазақстанның қазіргі заман тарихының өзекті мәселелерінің бірі. Себебі өсіп келе жатқан ұрпақ өзінің жеті атасын білуі қажет. Халқымыздың әрбір руын жалаң түрде емес, толықтырып тарихилық принцип аясында жазып шығу арқылы үлкен қазақ халқының тарихын жасаймыз. Сонда ғана ата-бабаларымыздың бізге үйретіп, жаттатып жеткізген шежірелерін келешек ұрпаққа ғылыми негізде ұсына аламыз. Тәуелсіз мемлекет болып тіліміз, дініміз қайта оралып, тарихымыз ұлттық тұрғыдан жазылып жатқанда шежірелерімізді толықтырып, оны оқытудың әдіс-тәсілдерін жасап, халқымызға ұсыну біздің міндетіміз. М. Сералин сөзімен айтсақ: “Қазақ халқы бір атаның баласы емес, әр рудан құралған жиынтық” деген орыс ғалымдарының сөзіне еріп, руға бөлінбей, өз шежіремізді толықтырып, деректану пәнінің талап-міндеттеріне сай зерттеп, толықтап шығу біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбусейітова М. Түркі және парсы деректемелері. // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 26 б.;
2. Шах Махмуд ибн мирза Фазил Чурас. Хроника. – М., 1976.;
3. Тұрғанбай М. Шежіре // «Абай». – 1918. – № 1-2.;
4. Наушабайұлы Н. Мәнзумат Қазакия. – Қазан, 1903.;
5. Дулатұлы М. Қазақ-қырғыз тарихы туралы // Қазақ ордасы. – 2003. – № 5-6.;

6. Алпысбес М.А. Шежире: устная историческая традиция тюркомонгольских народов // Этнография Алтая и сопред. территорий: материалы науч.-практ. конф. – Барнаул, 2003. – Вып. 5.;
7. Арғын шежіресі (өлең) / Жинаушы Қ. Байғұлыұлы. – 1910. – 2 б.;
8. Әбуғалиева К.Қ. Шежіресі бай халықтың мәртебесі биік // Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері. – А., 2005. – 167 б.;
9. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997.;
10. Абуль-Гази-Багадур-Хан. Родословное древо тюрков. М.-Т.-Б., 1996.;
11. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – А., 1971. – 5 бетте.;
12. Маргулан А.Х. О значении эпиграфических памятников Казахстана. // Мир казаха. – А., 1997.;
13. Досмұхамедұлы Х. Аламан / Х. Досмұхамедұлы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 176 б.;
14. Халид Қ. Тауарих хамса Шарки. (Бес тарих) Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.;
15. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: «Ол-Жас Баспасы» ЖШС, 2004. – 80 б.;
16. Көпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1993. – 76 б.

Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері Еркін Әуелбеков

Алдибекова А.К.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., доцент Р.С.Буктуғутова
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Қазақстанның жаңа тарихында және жалпы посткеңестік республикалар тарихында Кеңес дәуіріндегі саяси тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу маңызды орын алады. Қазақ халқының тарихындағы аңыз адам Еркін Нұржанұлы Әуелбеков. Ол біздің еліміздің дамуы мен гүлденуіне үлкен үлес қосты, өз халқының жақсы өмір сүруі үшін, сонымен қатар өскелең ұрпақтың өз елінің өнерлі және әділ азаматтары болуы үшін барын салды.

Бір кездері Қазақстанның үш аймағын ойдағыдай басқарған Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың кезектен тыс партия-кеңес басшыларының қатарына кіретіні сөзсіз. Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің қызметі 50-90 жылдарға сәйкес келеді. XX ғасыр, Кеңес Одағынан тың жерлерде маңызды геосаяси өзгерістер болған кезде.

Е.Н.Әуелбеков 1930 жылы 22 маусымда танымал қазақ мұғалімінің отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері Жұмағали Тілеулинмен, Біләл Малдыбаевпен тығыз байланыста болды, және кеңестік кезеңдегі ағартушылық қозғалыстың белсенді қатысушыларының бірі болды [1, 103б.].

Жаппай қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысы майдандарындағы үлкен шығындар салдарынан Қазақстан халық шаруашылығының әр түрлі салалары үшін білікті кадрларға өте мұқтаж болды. 1953 жылы Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын қ үздік бітіргеннен кейінгі Еркін Нұржанұлы еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысындағы «Марьевский» совхозынан бастады. Оның алдында аудан басшылары Ерекінің Мәскеудегі Тимирязев академиясын бітірген қызыл дипломын көріп, оны шаруашылықтың бас агрономы етіп тағайындады. Ал, егін орағы кезінде совхоздың директоры басқа жұмысқа ауысып кетуіне байланысты аудан басшылығы Еркін Нұржанұлын директордың міндетін қоса атқаруды тапсырды. Дәл сол кезде Еркінге бар-жоғы 25 жаста болатын. Ол бірден шаруашылық жұмысына қызу араласып, өзінің білімі мен біліктілігін көпшілікке таныта білді. Егін орағы табысты аяқталып, шаруашылық жұмысын қорытындылаған облыс және аудан басшылары Еркін Әуелбековті совхоз директоры етіп бекітті.